

Мамандық бойынша тест: 2-пән 2001

1. Тарих сабағында қазақ тілі және әдебиет пәндерімен пәнаралық байланысы көрінеді:

- A) Аймақтың әлеуметтік құрылымын оқып білуде
- B) Картографиялық материалдармен жұмыста
- C) Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын түсінуде
- D) Көркем шығармаларды талдауда
- E) Статистикалық материалдарды қолдануда
- F) Эссе жазуда
- G) Сөйлеу қызметінде
- H) Табиғи-географиялық факторларды анықтауда

2. Тарих пәнінің биология және экология пәндерімен пәнаралық байланысы көрінеді:

- A) Оқушы мен мұғалімнің сөйлеу қарым-қатынасында
- B) Статистикалық материалдарды қолдануда
- C) Адамзаттың пайда болуы туралы білуде
- D) Қазіргі әлемдегі экологиялық проблемаларды талдауда
- E) Қазіргі жаһандану мәселелерін анықтауда
- F) Аймақтың әлеуметтік құрылымын оқып білуде
- G) Табиғи-географиялық факторларды анықтауда
- H) Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын түсінуде

3. Тарихи білім категориясы ретінде құбылыс:

- A) Нақты фактіге қатынасы жоқ
- B) Идея
- C) Орны мен уақыты көрсетілмейді, шектелген
- D) Уақыт және кеңістік бойынша
- E) Жалпы түсінік
- F) Маңызды жеке факт
- G) Нақты жағдайдағы оқиға
- H) Себеп-салдар байланысы

4. Тарих пәні бойынша білім беру мазмұны нақтыланады:

- A) Оқу жоспарында
- B) Тарих бағдарламасында
- C) Сабақ жоспарында
- D) Жұмыс дәптерінде
- E) Дидактикалық материалдар жинағында
- F) Оқулықтарда
- G) Энциклопедияда
- H) Оқу кестесінде

5. Тарих пәні бойынша баяндама:

- A) Оқулықтағы материалды көшіру
- B) Көпшілік алдында өз ойын жеткізу
- C) Тақырып бойынша аннотация
- D) Тақырып бойынша өзінің әсері мен ой-толғанысы
- E) Жоғары сынып оқушылары орындайтын өздік жұмыс
- F) Нақты тақырыпты толық баяндау
- G) Шағын көлемдегі еркін композиция
- H) Барлық сынып оқушылары орындайды

6. Оқушылардың тарих пәнінен танымдық қызығушылығының дамуына әсер етеді:

- A) Оқулық авторы туралы мәліметті білуі
- B) Оқушы мен мұғалімнің оқу процесіндегі қарым- қатынасы
- C) Тарих оқулығындағы тақырыптардың қарапайым баяндалуы
- D) Тарих пәнінен сағат санының аздығы
- E) Оқулықтағы суреттер
- F) Оқу процесін ұйымдастыру
- G) Мұғалімнің сыртқы келбеті
- H) Оқу материалының мазмұны

7. Тарих сабағында қолданылатын жаңа әдістер:

- A) Пікірсайыс
- B) Сұхбат
- C) Ізденіс
- D) Үлгі бойынша іс-әрекет
- E) Жаттығу
- F) Жаттатқызу
- G) Қайталау
- H) Түсіндіру

8. Тарихты оқытуда қолданылатын тарихи сипаттағы деректерге жатады:

- A) Тарихи шығарма
- B) Саясаткердің сөзі
- C) Проза
- D) Хат
- E) Эпос
- F) Күнделік
- G) Хроника
- H) Жылнама

9. Әдістеменің міндеті:

- A) Оқыту процесін жетілдіру
- B) Оқытудың негізгі факторлары
- C) Оқытуды ұйымдастыру
- D) Адамның санасын жетілдіру
- E) Оқушының тәуелсіз пікірін қалыптастыру
- F) Ауызша сөйлеуге тән ерекшелікті қалыптастыру
- G) Оқушының сабаққа ынтасын зерттеу
- H) Қоғамдағы әлеуметтік мәселелер

10. Синхрондық кесте мәні:

- A) Түрлі кезеңдегі ұқсас тарихи оқиғаларды анықтау
- B) Қазақ халқының мәдениетін дербес қарастыру
- C) Әлемдік өркениеттің тарихи заңдылығын түсіну
- D) Заңдылықтардың тарихи үдеріс мәнін жеке түсіну
- E) Тарихи үдерісті әлемдік жағдайда қарастыру
- F) Тарихи оқиғалардың хронологиялық ауқымын жүйелеу
- G) Тарихи оқиғаны басқа елдермен салыстыру
- H) Елдегі мазмұны ұқсас тарихи оқиғаларды талдау